



ЦИТАТА ДНЯ

Бейбүт АТАМКУЛОВ,
МИНИСТР ИНДУСТРИИ
И ИНФРАСТРУКТУРНОГО
РАЗВИТИЯ РК:

«РЕАЛИЗАЦИЯ С
2021 ГОДА СТРА-
ТЕГИЧЕСКОГО
ПРОЕКТА ПО МОДЕР-
НИЗАЦИИ УЧАСТКА
ДОСТЫК – АКТОГАЙ –
МОЙЫНТЫ ПОЗВОЛИТ
УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСК-
НУЮ СПОСОБНОСТЬ
УЧАСТКА В ДВА РАЗА
И СОКРАТИТЬ СРОКИ
ТРАНСПОРТИРОВКИ
ГРУЗОВ В 1,5 РАЗА. ПРИ
ЭТОМ БУДЕТ СОЗДАНО
БОЛЕЕ 2 000 РАБОЧИХ
МЕСТ, ЧТО ОБЕСПЕЧИТ
ЗАНЯТОСТЬЮ ГРАЖДАН
АЛМАТИНСКОЙ, КАРА-
ГАНДИНСКОЙ И ВОС-
ТОЧНО-КАЗАХСТАН-
СКОЙ ОБЛАСТЕЙ»

СОТРУДНИЧЕСТВО

ВЗАИМНЫЙ ИНТЕРЕС

За 7 месяцев текущего года объем экспортно-импортных перевозок грузов между Казахстаном и Узбекистаном составил 5 миллионов тонн, увеличившись на 648,32 тысячи тонн по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Такие данные привел во время встречи с министром индустрии и инфраструктурного развития РК Бейбүтом Атамкуловым Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Узбекистан в РК Саидикрам Ниязходжаев.

Глава дипломатической миссии также отметил рост транзита грузов между странами. Товарооборот за прошлый год составил 3,3 миллиарда долларов, объем перевозок грузов транзитом по железной дороге Казахстана составил 9 миллионов тонн.

Во время встречи затронут вопрос открытия железнодорожного сообщения между Узбекистаном и Россией по территории Казахстана. Окончательное решение будет принято Межведомственной комиссией РК, с учетом эпидемиологической ситуации.

Кроме того, рассмотрены вопросы сотрудничества и кооперации в машиностроительной отрасли, обсуждены возможные поставки казахстанских лекарственных средств и препаратов в Узбекистан.

Любовь РОБВА

ЦИФРА НОМЕРА

ДО

26,9 млн тонн

ПЛАНИРУЕТСЯ УВЕЛИЧИТЬ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ
ТРАНЗИТ К 2025 ГОДУ

ПЕРЕВОЗКИ

НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ

За 8 месяцев 2020 года погрузка зерна на железнодорожном транспорте составила 5,2 миллиона тонн, в том числе по Казахстану – 1,4 миллиона тонн. Продуктов перемола погружено 1,6 миллиона тонн, из них на экспорт – более миллиона тонн.

АЙЛИН БАУРЖАН

Сегодня казахстанское зерно экспортируют в страны Центральной Азии, Иран, Афганистан и Китай. Зерно и продукты перемола из северных регионов страны отправляют на экспорт маршрутными поездами. За 8 месяцев сформировано и отправлено 437 составов. Маршрутизация зерноперевозок позволяет сократить время транспортировки и расходы грузоотправителей.

По вопросам доставки социаль-

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ:
БЕС ӨҢІР БІР ОРТАЛЫҚТАН БАСҚАРЫЛАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ магистральдық желінің Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал, Қызылорда бес бірдей бөлімшесінің диспетчерлік орталықтарын біріктіретін «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» трансформация жобасы шеңберінде Ақтөбе қаласында, Батыс өңірінде пилоттық полигонды іске қосты.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Аталған шара – Қазақстан темір жолы үшін тарихи және маңызды оқиға. Тасымалдарды басқару процесін автоматтандыру Компания дамуына қомақты үлес қосады. Басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары Серік Әбденов бастаған «КТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Ақтөбеге арнайы барып, Пойыздар қозғалысын басқару орталығы ғимаратының, пойыз диспетчерлері жұмыс орындарының даярлығымен танысты.

Төртқабатты ғимарат пайдалануға дайын, атап айтқанда, байланыс пен ДТ қажетті құрал-жабдықтары орнатылған және де барлық қажетті инженерлік, соның ішінде жылу, су,

электр, байланыс желілері тартылып, кәріз жүйесіне қосылған.

10 қыркүйектен Ақтөбе және Орал бөлімшелерінің диспетчерлік орталықтарын көшіру бойынша жұмыстар басталды. 2020 жылдың 14 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 5 орталықта: Илеңк-Жайсан, Жайсан-Ақтөбе, Қандыағаш-Жем, Қандыағаш торабы, Ақтөбе-Қандыағаш ПБО диспетчерлік орталықтандыруды іске қосу өткізілді.

Сонымен қатар, 2020 жылдың қаңтарынан 68 пойыз диспетчері және өңірінен, Орал қаласынан Ақтөбе қаласына баспана жалдауға 25 АЕК көлемінде материалдық көмегі төленген 13 пойыз диспетчері көшірілді. Жоба шеңберінде Атырау, Маңғыстау және Қызылорда бөлімшелерінен көшірілетін

қызметкерлерді бірінші кезеңде жатақханада орналастыру жүзеге асырылады не болмаса қала бойынша пәтер жалдауды ұсыну жоспарлануда. Шақырылған қызметкерлер жөніндегі ережеге сәйкес, баспана жалдау төлемі 2 жыл бойына деп қарастырылған.

Диспетчерлік орталықтарды көшіру кезеңімен жүргізіледі және де ағымдағы жылдың қарашасына дейін созылады. Атырау бөлімшесі – 2020 жылдың 23 қыркүйегінен бастап 11 қазаны, Маңғыстау бөлімшесі – 2020 жылдың 12-сі мен 27 қазаны, Қызылорда бөлімшесі – 2020 жылдың 28 қазанынан бастап 12 қарашасында аяқталады деп жоспарланған.

Пойыздар қозғалысын басқару орталығы 3 кезеңде жүзеге асырылады және де 2021 жылы оны сынамалық пайдалануға енгізу

жоспарлануда. Бірінші кезеңде ПБО ұжымдық пайдалану таблосын (ҰПТ) пайдаланбай іске қосылады. Екінші кезеңде ҰПТ бағдарламалық қамтамасыз етудісіз (БҚ) пайдаланылатын болады. Үшінші кезеңде – ҰПТ және БҚ пайдалана отырып, аталған кезең ұзақтығы 3 айды құрайды.

Серік Әбденов өз сөзінде еңбек жағдайы мен қоныс аударған қызметкерлердің тұрмыс жағдайына ерекше назар аударды. Компаниямен барлық көшірілген қызметкерлерге лауазымын өзгертені бойынша 1 лауазымдық еңбекақы көлемінде бір реттік жәрдемақы мен осы еңбекақының 25% отбасының әрбір мүшесіне төлеу; қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің басқа жерге көшуіне орай шығындарын өтеу; баспана жалдауға ай сайын 2 жыл бойына 25 АЕК көлемінде өтемақы төлеу қарастырылған. Сонымен қатар, Атырау, Қызылорда қалаларынан және Маңғыстау станциясынан көшірілетін қызметкерлердің аз төленетін жұмысқа ауысуы жағдайында 3 ай бойы бұрынғы жұмыс орнындағы орташа еңбекақысы сақталады және 9 ай ішіндегі еңбекақысындағы айырмашылықты құрайтын бір реттік берілетін өтемақысы төленеді.

Пойыздар қозғалысын басқарудың өңірлік орталығын құру барлық мәліметтерді «ұжымдық таблода» көрсете отырып пойыздар қозғалысын басқару екендігін және пойыздардың орналасуын орталықтан басқаруды қамтамасыз ететіндігін қаперге саламыз. Нәтижесінде, пойыздардың жақындығы, бағыттардың бұрмалардың, бағдарламалардың көрсеткіштері туралы ақпараттарды алу және беру процесі автоматтандырылатын болады. Пилоттық полигонды жүзеге асыру тасымалдау процесін екі деңгейлі басқаруды қамтамасыз етеді, вагондар мен локомотивтердің кепілдендірілген иінін, транзиттік пойыздардың бағыттық жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ диспетчерлік орталықтарды қысқартады.

Суретті түсірген автор

ФОРУМ

МАШИНАЖАСАУ САЛАСЫ ЖАҢАША ДАМИДЫ

Қазақстан машина жасаушылар одағының сегізінші форумы кеше алғаш рет онлайн форматта ұйымдастырылды. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қазақстан машина жасаушылар одағының ұйымдастыруымен өткен шарада басқа да салалармен қатар теміржол көлігіндегі машинажасау саласы да назардан тыс қалмады.

Райхан РАХМЕТОВА

Теміржол саласына арналған секцияның жүргізіген «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Бас инженері Батыр Қотырев биылғы жиынның онлайн форматта өтіп жатқанына қарамастан маңызды мәселелерді талқылауға арқау болып отырғанын жеткізді. Осы тұрғыда отандық тауар өндірушілерге үлкен қолдау көрсетіп, сааларалық әріптестік және импортталмастыру ісіне жаңа тғыныс қосып келе жатқан Машина жасаушылар одағына алғысын білдірді. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның бүгінгі таңдағы активтік жаңару жолында жасап жатқан ахуалымен, көптеген жаңашылдықтарымен бөлісті.

Айта кету керек, машинажасау саласында теміржол саласының жетістіктері өте көп. Елімізде ғана емес, ТМД көлемінде тұңғыш рет Локомотив құрастыру, Электровоз құрастыру және

вагон шығаратын өндіріс орындары теміржол саласында құрылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін форумды ашу кезінде Қазақстанның тұтастай машина құрастыру кешеніне үлкен көңіл бөліп, тікелей назарында ұстап отырғанын айтқан болатын. Бұл біздің өзара әріптестік пен кәсіби ауызбірлігімізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біздер бұрын да көптеген жиындарда кездесіп жүрміз. Соның соңғысы ақпан айында өткен көліктік тасымал саласындағы машина құрастыру форумы болатын. Онда біздер тек өнеркәсіптік-техникалық мәселелерді сөз етіп қана қоймай, кадр мәселесі, біліктілік мәселесі, өндірушілер мен жеткізгіш берушілердің арақатынасы сынды мәселелерді де талқылаған болатынбыз. Бүгін соның жалғасы іспетті жиылмен сегізінші рет өтіп отырған осы форумда тағы да жолығып отырмыз.

Қазақстан машина жасаушылар одағы арқашан да мемлекеттік органдар мен отандық өндірушілердің, тапсырыс берушілер мен жеткізгіш берушілердің арасында дәнекер болып, үлкен жұмыстар атқаруда. Сол үшін үлкен рахметімді айтамын. Бүгін біз емен-жарқын әңгімеде алда тұрған міндеттерді ақылдасып, проблемалардың шешімін іздеп, ұсыныстарымызбен бөлісіп, ортақ шешімдерге келетін боламыз деп сенемін», – деді Батыр Қуанышұлы.

Онлайн форматта өткен жиында бас-ағы қырық шақты компанияның өкілдері бас қосты. Олардың арасында теміржол өндірісіне қатысты жылжымалы құрамдар, қосалқы бөлшектер және тағы да басқа кәсіпорындардың бірлескен кәсіпорындардың белді мүшелері болды. Екі сағатқа жуық уақытқа созылған жиында сөз алған еліміздің машинажасау саласының өкілдері машина жасау саласын дамыту перспективаларын, ағымдағы жағдайын сөз етті.

перевозок будет организована круглосуточная работа оперативных зерновых групп.

– При обеспечении грузоотправителями ритмичной погрузки и соблюдения оборота вагона новый урожай возможно вывезти имеющимся парком зерновозов, крытых вагонов, – отметил исполнительный директор по планированию перевозок ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбутанов. По его данным, казахстанский парк насчитывает свыше 17 тысяч крытых вагонов, в том числе около 8 тысяч единиц находится в управлении АО «Казтемтранс». Парк зерновозов составляет почти 10 тысяч единиц, больше половины подвижного состава – в управлении АО «Казтеміртранс».

К социальным грузам также относится уголь. За январь-август по сети АО «НК «КТЖ» погружено 64,5 миллиона тонн твердого топлива.

В том числе для казахстанских потребителей – около 47 миллионов.

Железнодорожники напоминают, что успешное проведение отопительного сезона зависит не только от перевозчика, но и от слаженных усилий всех участников перевозочного процесса.

По инициативе АО «НК «КТЖ» проводятся регулярные совещания в формате «онлайн» по вопросу своевременной доставки угля. В компании работает оперативный штаб по перевозке угля, который контролирует обеспечение заявок грузоотправителей, выполнение оборота вагонов, а также мониторинг остатков запаса твердого топлива на складах ТЭЦ и ГРЭС.

АО «НК «КТЖ» располагает достаточным количеством полувагонов. На территории Казахстана их зарегистрировано более 59 тысяч, 55% из них задействованы в перевозке твердого бытового топлива.

НОВОСТИ

ЕЩЕ БЫСТРЕЕ

АО «КТЖ Express» организован альтернативный контейнерный сервис по Транскаспийскому маршруту.



КТЖ Express совместно с ООО «Международная компания по развитию логистики Циньхуа Чжэчжун» (Китай) организовали новый контейнерный сервис. Мультимодальный маршрут сообщением Циньхуа – Баку пролегает через казахстанскую пограничную станцию Алтынколь и порт Актау. Далее через Каспийское море контейнеры отправятся в азербайджанский порт Баку, откуда проследуют на станцию Ашерон.

Новый сервис привлечет логистический оптимальным временем доставки грузов, которое составит всего 10-12 дней, что на одну треть быстрее, в сравнении с существующими маршрутами.

Уже отправлен первый поезд, состоящий из 50 сорокафутовых контейнеров.

Алуа ТЛЕУБАЕВА
Фото автора

РЕМОНТ
ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Развитие железнодорожной инфраструктуры является одним из приоритетных направлений АО «НК «КТЖ». В текущем году капитальному ремонту подвергнут более 400 километров железной дороги. Работы начались в апреле текущего года и продолжают по сей день.

При этом модернизация железнодорожного пути направлена на повышение безопасности движения и увеличение скорости пассажирских и грузовых поездов. На каждом объекте применяются ремонтные поезда, краны, железнодорожные платформы МПД и УСО, путевые машины тяжелого типа и другая техника.

Работы проходят в штатном режиме, без задержек. Учтены все меры безопасности, принятые в рамках борьбы с коронавирусом инфекции. Отметим, национальный перевозчик обращает внимание пассажиров на возможные корректировки в графике движения поездов.

На сегодня всего по плану идет капитальный ремонт на 245,9 километра пути. Это следующие участки: Апановка – Аманкарагай – Казанбасы (179 пк 1-234, план – 55,64 км); Коржункуль – Уленты (169-190 км, план – 22,65 км); разъезд 117, в том числе первый главный путь – Атау, в том числе первый главный путь (116-140 км, план – 23,74 км); Кызылжар – Түйемойнак, в том числе второй главный путь, (291-299 км, план – 8,26 км); разъезд 3 – Дельбегетей, в том числе второй главный путь (699-711 км, план – 11,68 км); Кошкентал – Жыланды, в том числе второй главный путь – Темекли – (1022-1035 км, план – 12,30 км); разъезд 2 – Шол-Кызыл, в том числе первый, первый А главные пути – разъезд 3 (1463-1479 км, план – 16,06 км); Шолкызыл – разъезд 3, в том числе первый главный – Жаксыбулак (1480-1498 км, план – 18,59 км); Луговая – Курагаты (3237-3242 км, план – 4,93 км); Костаин – Акдала (3199-3203 км, план – 4,85 км); Келкемес – Солотобе – разъезд 16 (2865-2883 км, план – 17,30 км); Шеликты – Кара-Шокат нечетный (2249-2263 км, план – 14,08 км); разъезд 13 – Шетпе (299-312 км, план – 13,02).

Асель ШАЙХЫНОВА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЛОКОМОТИВТЕР
СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдары қатарындағы локомотив пайдалану деполарында локомотивтер қазір кезекті күзгі комиссиялық байқаудан өтуде.

Күзгі комиссиялық тексерістің міндеті әдеттегідей тартымдық жылжымалы құрамның техникалық жағдайын және қыс маусымында жұмыс істеуге дайындығын тексеру болмақ. Ағымдағы жылы байқаудан 1300-ден астам локомотив өтеді деп күтілуде. Емтихан іспеттес маңызды шараны өткізу үшін әрбір локомотив пайдалану депосында депо директорының жетекшілігімен комиссиялар құрылған. Ал комиссия құрамына келсек, оның қатарында пайдалану депосының, жөндеу кәсіпорындарының, химико-техникалық лаборатория өкілдері, локомотивтерді тәжірибелі қабылдаушылар, инженер-технологтар, машинист-нұсқаушылар, өрт қызметінің инспекторлары бар. Күзгі комиссиялық байқаудың орындалуы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің орталық аппараты тарапынан бақылауға алынған.

«Күзгі комиссиялық байқау барысында әрбір локомотивтің техникалық, өрте қарсы және мәдени жағдайы тексерілетін болады. Сонымен қатар суық мезгілде машинист пен оның көмекшісіне алаңдамай жұмыс істеуі үшін кабинада қолайлы жағдайдың жасалуы да назардан тыс қалмақ емес. Әсіресе, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аспаптардың істен шықпай, қалтқысыз қызмет етуі ерекше назарға алынбақ. Осылайша, локомотив паркінің жағдайы бес балдық жүйе бойынша бағаланатын болады», – дейді мамандар.

Үстіміздегі жылдың 30 қазанына дейін жалғасатын күзгі байқау барысында локомотив бригадалары техникалық сабақтарда ережелер мен нұсқамаларды қайталап, төменгі температурада, қатты боран тұрып, тоқтаусыз қар жауған шақта үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін қалай амал-әрекет етуді үйренетін болады.

Нұрбек БЕКЕН

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТҚА
ЖОЛ ЖОҚ

Жыл басынан бері Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша пойыздар қозғалысы оң көрсеткішке ие. Алғашқы жартыжылдықта жолшылар пойызының қозғалысы 84,1%, ал жүк пойыздары қозғалысы 88,7% құрап, өткен жылға қарағанда сәйкесінше 0,4% және 2,5% жақсарған.

Мамандар жоспарды бұдан да жоғары көрсеткішке жеткізуге болар еді дейді. Бұған Әзбекстан темір жолының пойыздарды қабылдауының төмендігі себеп болған. Екінші себеп, Түлкібас-Шымкент, Түркістан-Арыс учаскелерінде толаскез болып, жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен жоспар ойдағыдай болмай қалған. Алайда соған қарамастан теміржолшылар жоспарды межеге жеткізе орындаған.

Пойыздар қозғалысының варианттық кестеге сай жүруі жоспар бойынша 18 225 пойыз болса, нақтысы 13 003 пойыз жөнелтілген. Осылайша, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі филиалы өткен жылғы варианттық кесте бойынша жүктерді бақылау үлесін 70% дейін көтерміз деп алға қойған межесін биыл орындап шықты.

Жүк тиеу жоспар бойынша жартыжылдықта 4 млн 967 мың тонна болса, орындалғаны 4 млн 997 мың 479 тонна, яғни 100,6% құрады. Тиелген вагондардың статикалық жүктемесіне келсек, жоспарда 58,88 тонна болса, орындалғаны 59,26 тонна, яғни 100,6% жетті.

Ал қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайына тоқтасақ, 2020 жылдың алты айында 6 қауіпсіздікті бұзушылық жағдайы орын алған. Бір қуанарлығы, ешқандай да өндірістік жарақат алу оқиғасы тіркелмеген.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент
Суретті түсірген автор

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН
САҚТАЙДЫ

Өткен аптада Маңғыстау ЖТ бөлімшесінде де күзгі комиссиялық байқау басталды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі бұйрығымен магистральдық желіні қысқы уақытта үздіксіз жұмыс істеуге дайындау мақсатында тексеру биыл 10-30 қыркүйек аралығында жүргізілмек.

Әдеттегідей комиссия құрамы мен тексеру кестесі бекітілген соң бөлімшенің бірінші басшылары бар құрам темір жол ғимараттары мен жасанды құрылыстардың жағдайын, магистральдық инфрақұрылымның өзге де желілерін, жер төсемдері мен жолдарды, өткелдерді тексеруге шықты. Сонымен қатар олардың назарынан өндірістік базалар мен өрте қарсы қауіпсіздік орындары, магистральдық желілер нысандарының габариттік нормаларға сәйкестігі де тыс қалмауда. Егжей-тегжейлі тексеру жүргізілетіндіктен тауарлық материалдық құндылықтар мен қоймалардың да жаңдайы жті қаралады.

– Сонымен қатар жылжымалы құрамдар инфрақұрылымын күтіп ұстау, вокзалдар мен өндірістік-техникалық нысандардың ағымдағы жағдайы да кестеге сай тексеріледі. Барлық мекемелердегі еңбек қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі жағдайы, негізгі қорларды, техникалық құралдарды қолдану деңгейін және керек жабдықтармен, материалдармен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілуін анықтау да осы байқау енісіндегі шаруа, – дейді бөлімше директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

Өндірістік жарақат алушылық пен жұмыс барысында сырқаттанудың алдын алу, еңбек тәртібінің жағдайын анықтап, бұрын нормадан ауытқыған оқшылықтардың орнын толтыру да осы кезеңде қатаң бақылауға алынады. Шаруашылықтардың ТЭЭ, яғни техникалық эксплуатация ережелері талаптарын сақтауына мән беріледі. Байқауды дұрыс ұйымдастыру үшін ПЧ-11, ПЧ-12, ПЧ-13 мекемелері өз телімдерінде автопрезидналарды бөлуі керек.

Маңғыстау теміржолында күзгі комиссиялық тексеру жүргізілетін барлығы 59 станция мен бекет бар. Пандемия жағдайында сақтық шараларын сақтау үшін күзгі байқауды өткізу кезінде созылмалы аурулары бар, жасы ұлғайған теміржолшылардың қатысуын шектеу талап етілді. Сонымен бірге санитарлық зарарсыздандыру шараларын қатаң сақтап, тексеруші құрам міндетті түрде бір реттік маска мен қолғап киіп, басқа да қорғанғыш құралдарын қолданулары керек.

Ұлан ОРАЗ

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖҰМЫС САПАСЫНА КЕПІЛДІК БАР

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында тәулік бойы жол бойынан табылатын жолшылар жұмысы қашан да қауырт. Елдегі эпидемиялық ахуалдың әсерінен сақтана жүріп жоспарлы жұмыстарын атқаруда. Себебі, жол күтімін жасауға ештеңе де кедергі бола алмақ емес.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жылжымалы құрамдардың қауіпсіздігіне кедергі болатын салдарларды жою және жол табанын дәстүрлі комиссиялық тексеруге сай ету үшін күздің алғашқы айында жұмыс бұрынғыдан да қызған. Бүгін біз Қызылорда станциясының солтүстік алқымындағы 18 бағыттамалық бұрма маңында Қызылорда жол дистанциясы өндірістік бөлімінің жол шебері Жомарт Дәненовтің басшылығымен крестовина ауыстыру жұмыстарымен айналысып



БАЙҚАУ

КӨКТЕМГІ КЕМШІЛІК КҮЗДЕ ҚАЙТАЛАНБАЙДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде 16 қыркүйектен күзгі комиссиялық тексеру жұмыстары басталды. Тексеріс барысында қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр құралдарының жағдайы, вагондардың жайы, темір жолдың қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білім мен біліктілігі, жеке мәселелері, проблемалары да қаралады.

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«Комиссия мамандарымен қамтылған тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылмақ. Ең әуелі Атырау және Теңдік станцияларынан басталып, Ганюшкино-Д.Нүрпейсова телімі бойынша жүргізіледі. Ганюшкино-Исатай, Исатай-Қызылжар телімдері, содан кейін Махамбет, Атырау, Теңдік, Ақжайық, 496-402 Рүзбезд аралығы, Сағыз-Мақат, Мақат-Қазылар телімдері, телімдердегі жол, сигнализация, энергиямен қамту дистанциялары, вагон, локомотив деполары, т.б. қаралады. Сол жерлерде талқылау жұмыстары да жүргізіледі», – дейді Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бас инженері Бауыржан Қартан.

Биылғы көктемде елдегі карантинге байланысты көктемгі комиссиялық тексеру мекемелердің өз күштерімен, әр құрылым басшылығының басқаруымен өз ішінде өткен болатын. Енді жылдағыдай арнайы комиссия шығарылып отыр. Жалпы, биылғы жылдың сегіз айында пойыз және маневрлік жұмыстарда өңірде өндірістік

жарақат алу болған жоқ. Бөлімшеде пайдаланым көрсеткіштерін орындау бойынша нәтижелер жақсы деңгейде келе жатыр.

Көктемгі тексеріс кезінде станциялардың техникалық жағдайы, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылыстардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралған еді. Жалпы алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, жұмысшылардың тәртібі қанағаттанарлық болды. Жолды және бағыттамалық бұрмаларды күтіп-ұстау бағытындағы кемшіліктер кесірінен пойыздар жүруге тыйым салу және маневрлік жұмыстар жасау үшін жолды жабу мен жылдамдықты шектеу оқиғалары орын алған. Сигнализация және байланыс дистанциялары бойынша электр желілерін, бағыттамалық бұрмаларды сыртқы тексеруді, рельс шыңжырларының оқшаулау элементтерін тексеруді сапасыз жүргізу және



жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Электрмен жабдықтау дистанцияларында жарықтандыру мәселесі төмендігі белгілі болды. Вагон қараушылар тарапынан вагондарға техникалық қызмет көрсетуде ақауды анықтау мен түзету дұрыс орындалмайды, станцияларда вагондарды қайта бақылау-тексеру кезінде кемшіліктер анықталған. Қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз, соның кесірінен ағымдағы жөндеу жасауға мүмкіндік жоқ. Жолшы вагондарына қажетті қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз жағдайда екені анықталған болатын.

«Көктемгі тексеріс барысында болған станцияларға тән кемшіліктер – темір жол торабында болған келеңсіз жағдайлар тіркеле бермейді, станция қызметкерлері тарапынан нұсқаулықтар дұрыс жүргізілмесе, кейбірінде радиобайланыс жет-

кіліксіз болып қалады. Станцияларда кезекшілер жаңа нұсқаулықпен жұмыс жасауға біртіндеп көшуде, білім жетілдіру, жүк қабылдап-жөнелту бойынша ескертпелер болды. Жол дистанциялары бойынша, кейбір учаскелерде, шпальдон және рельстің, бұрмалардың ақаулығынан жылдамдықты шектеуге тура келген. Локомотив бригадаларының бақылау-нұсқау сапарлары, пойыз машинистерімен радиобайланыс дұрыс ұйымдастырылмаған жайттары да кездесті. Вокзалдар мен жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты барлық разьезд ғимараттарын әктеп-сырлауға, айналына таза ұстауға көңіл бөлу қажеттігі де ескерілді. Биыл осы оқшылықтар жойылып, бәрі қалпына келеді деп ойлаймыз», – дейді Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері.

Суретті түсірген автор

ЭКОЛОГИЯ

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУДА

Тұрмыстық қатты қалдықтардың қоршаған ортаға төгілуі топырақ қабаттарын аяусыз ластап, жер-ананың табиғи күйіне қайта келу үдерісін қанша мыңдаған жылдарға ұзартып жіберуі мүмкін. Сондықтан қолданымсыз қалдықтарын шығару сауатты жүргізілсе, оның экологияға кері әсері азайып, зиянынан гөрі пайдасы мол болмақ.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Осыны басшылыққа алған Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі кеңсе қалдықтарын шығаруда «бір оқпен екі қоянды атып» отыр. Бөлімшеде қазір қалдықтар қоқыс контейнерлеріне бейберекет, қалай болса солай араластырып тасталмайды. Қызметкерлер әр қалдықты өз жәшігіне салады. Одан олар ұтпаса, ұтымсыз анық. Есесіне қоқыстар есебінен ақшалай айырбас негізінде алуына болады. Әрі мұның адамнан бөлек табиғатқа да пайдасы болмақ. Сондықтан Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі осы жылдың басынан бастап қалдықтарды рет-ретімен бөліп шығаруға көшкен. Бұл үшін арнайы мекемемен қаңтар айында келісімшартқа отырып, қайта өңделетін қалдықтарды ақшалай айырбас негізіндегі



қажет нәрсеге ауыстыруға келісілген. Сол шарттың күшімен тапсырған қоқыс негізінде осы уақытқа дейін 50 дана экобокс және кеңселік таза қағаздар алған. Аталған экобокстарды бөлімшеге қарасты станциялар мен вагон және локомотив деполарына қойған. Сөйтіп, тұрмыстық қалдықтардан да пайда тауып, кәдеге жаратуда.

– Қазіргі экологиялық басты мәселе қоқыстарды өзінің әртүрлі топтарына қарай бөлу болып тұр. Сондықтан біз Маңғыстау теміржолы сол шабурамен айналысудамыз. Себебі бүкіл дүниежүзі бойынша қоқыстардың артуы, олардың шірімеуі түрлі мәселелер туындатуда. Бұл топырақ, су, ауа қабатын ластап, кейбір елдерде тіпті алаңдатырлық

жағдайға жеткізген. Оның әсері адам, жан-жануар болсын, бүкіл табиғатқа орны толмас шығынға алып келуі мүмкін. Сондықтан біздің елде Президенттің жарлығы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды өздерінің орналасу орнына байланысты бөліп тастау және қайта өңдеу жайында күрделі мәселені шешуге қадам жасалуда. Осы тұрғыда бөлімшеміз бойынша қайта өңдеуге болатын қалдықтарды тапсыру бойынша біраз жұмыстар жасалуда. «Вест Актау» мекемесімен келісімшарт жасасып, осыған дейін екі рет бөлек жиналған қалдықтарды өткіздік. Ақпан айында жалпы барлығы 850 кг тұрмыстық қалдықтар тапсырған едік. Осы айда тағы да өткізіп, 1115 кг жеткіздік. Оның ішінде 35 кг картон, 34 кг пластик, қағазы – қолданылған қағаз, – дейді бұл туралы Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің жетекші инженері экологы Ақкүміс Шаудірбаева.

Оның айтуынша, енді олар тек өңделмейтін қоқыстарын шығарумен айналысады. Қайта өңделетін қағаз, пластик, шөлмең қалдықтар мекемелерге қойылған көлемі 50 литрлік үш түрлі жәшікке бөлек-бөлек жинақталады. Бұл жөнінде мекеменің инженер-экологтары техникалық сабақтарда қажетті түсінік беріп, біраз жұмыстар жүргізген.

– Жұмыс барысында экологиялық қауіпсіздікті сақтау, жүк тасымалында қауіпті жүктердің, мұнай, жанармай сияқты сұйық жүктердің төгілуін қадағалау бағытында жұмыстармен әр тоқсан сайын екі-үш рет техникалық сабақтар жүргізіміз. Мұнымен айналысып қадағалап отыратын вагон және локомотив деполарында бір-бірден инженер-экологтарымыз бар. Атқарылған жұмыстардың нәтижесі болар, жыл басынан бері ешқандай кері көрсеткіштер тіркелмеді, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің жетекші инженері технология.

Суретті түсірген автор

ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

ВПЕРЕДИ ХОЛОДНЫЙ СЕЗОН

139 тонн угля заготовили для отогревания своих ПТО в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24). Запас твердого топлива обеспечен на 100% в рамках подготовки хозяйства к работе в зимних условиях 2020-2021 годов.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По словам начальника производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Игоря Громова, по этому предприятию есть два ПТО, которые отапливаются углем.

— Мы получили два вагона с углем (139 тонн) по станции Шемонаиха, а также по станции Риддер — один вагон (69 тонн), — сообщил он. — Поставка угля выполнена полностью, к зимним условиям ПТО готовы. Остальные пункты технического обслуживания ВЧД-24, которые находятся на станциях Серебрянка, Бухтарма, Зыряновск, переведены на электрическое отопление.

Инженер-технолог ВЧД-24 Эльмира Капарова отметила, что к работе в зимний период Оскеменского эксплуатационного вагонного депо разработан план мероприятий. В него входит проведение осеннего комиссионного осмотра на предприятии с 5 сентября по 31 октября,

подготовка котельных, ремонт производственных зданий и помещений, создание запаса материалов, спецодежды, запчастей, подготовка кадров, в том числе первозимников.

— По ПТО станции Шемонаиха провели внутренний ремонт стен котельной, с побелкой и покраской, внутренний осмотр котла, побелили его. Помыли и утеплили окна, двери, очистили трубопровод от сажи, — рассказала она подробности. — На ПТО станции Риддер также выполнили текущий ремонт, побелку и покраску котельной, трубопровод очищен от сажи, проведены внутренний осмотр котла, его покраска, опрессовка системы отопления.

По Оскеменскому эксплуатационному вагонному депо есть шесть ПТО и один КПТО, административно-бытовой корпус, гараж, котельные, здание текущего отцепочного ремонта (ТОР).

Завершен текущий ремонт пяти производственных зданий, помещений. По данным Эльмиры Капаровой, предприятия обеспечиваются композиционными



тормозными колодками, предохранителями замка автосцепки, авторегуляторами и другими запасными частями и оборудованием.

В рамках подготовки к зиме руководство ВЧД-24 издало приказ о закреплении первозимников за опытными работниками. В депо их 14. Что касается зимней спецодежды, то предприятие уже обеспечено валенками, утепленными сапогами, рукавицами и шапками-ушанками, еще необходимы теплозащитные костюмы от пониженной температуры. Для работников, у которых истекает срок пользования, выдача зимней спецодежды производится согласно норме.

Еженедельно в ВЧД-24 проводят

заседания штаба по вопросам выполнения «предзимних» мероприятий. Здесь также контролируют состояние противопожарной безопасности, рабочие места снабжены и обеспечены сигнальными принадлежностями. Мерительные инструменты проверили на исправность и подтвердили, что они годны к эксплуатации. В планах — провести совместно с работниками Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо конференцию по работе и обслуживанию автотормозного оборудования в зимних условиях. Мероприятия по подготовке хозяйства и кадров к работе в зимний период предполагается завершить к 15 октября.

Фото автора

КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

ОСЕННЯЯ РЕВИЗИЯ

Осенний комиссионный осмотр в Алматинском регионе начался с южных точек участка Алматы — Отар.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

